

## Жекелеген қызмет түрлеріне тарифтер туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 16 маусым 1994 ж. N 639. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.05.23. N 732 қаулысымен.

Энергия ресурстары бағасының өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Негізгі байланыс қызметіне қолданылып жүрген тарифтерге

қосымшаға сәйкес көтермелі коэффициенттер белгіленсін.

(2 абзац)

<\*>

Ескерту. 1-тармағының 2 абзацы күшін жойды - Қ.Р.К.М.

19 қазан 1994 ж. N 1171 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі байланыс кәсіпорындарының техникалық есеп құралдарымен жарақталуына қарай жергілікті сөйлесулер құнын уақытпен есептеу енгізілуін жүзеге асырсын.

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне су құбыры мен канализацияны пайдалану қызметіне тарифтерді реттеу құқығы берілсін.

4. Осы қаулы 1994 жылғы 15 маусымнан күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 16 маусымдағы  
N 639 қаулысына  
Қосымша

Негізгі байланыс қызметіне тарифтерді

көтеру коэффициенттерінің

Орта мөлшері

Қолданылып жүрген тарифтерге

орта-көтеру коэффициенттері

-----  
Тұрғындар үшін ! Кәсіпорындар мен  
! ұйымдар үшін  
-----

Почта байланысы	2	2
Телеграф байланысы	4	3,4
Қалааралық байланыс	3	3,7
Қалалық және селолық телефон байланысы (соның ішінде уақытымен есептелетін төлем <*> )	3	4
Радиоландыру	2	3
Радио хабары және радио байланысы	-	8,2
Теледидар	-	5,9

-----  
Ескерту

<\*>

. Республика байланыс кәсіпорындарының техникалық  
есептеу құралдарымен жарақталуына қарай енгізіледі